

«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КЕАҚ
Ғылыми кеңес отырысында
23.05.2022 ж. № 10 хаттамамен
БЕКІТІЛДІ

D064 - Халықаралық қатынастар
білім беру бағдарламалары тобына
докторантураға түсушілерге арналған
емтихан бағдарламасы

1. Жалпы ережелер.

1. Бағдарлама «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығына (бұдан әрі – үлгілік қағидалар) сәйкес жасалды.

2. Докторантураға түсу емтиханы эссе жазудан, докторантурада оқуға дайындығына тест тапсырудан (бұдан әрі – ОДТ), білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтиханнан және сұхбаттасудан тұрады.

Блогы	Балы
1. Эссе	10
2. Докторантурада оқуға дайындық тесті	30
3. Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан	40
4. Сұхбаттасу	20
Барлығы/ өту ұпайы	100/75

3. Түсу емтиханының ұзақтығы – 4 сағат, осы уақыт ішінде оқуға түсуші эссе жазады, докторантурада оқуға дайындық тестінен өтеді, электрондық емтихан билетіне жауап береді. Сұхбаттасу ЖОО базасында жеке өткізіледі.

2. Түсу емтиханын өткізу тәртібі.

1. D064 - «Халықаралық қатынастар» білім беру бағдарламалары тобына докторантураға түсушілер проблемалық / тақырыптық эссе жазады. Эссе көлемі – 250-300 сөзден кем болмауы керек.

2. Электрондық емтихан билеті 3 сұрақтан тұрады.

Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтиханға дайындалуға арналған тақырыптар.

«Халықаралық қатынастар теориясы» пәні

Тақырып 1. Халықаралық қатынастар теориясының теориялық-концептуалдық негіздері.

Зерттеудің теориялық және қолданбалы деңгейлері. «Теория» түсінігі. Теорияны құру логикасы. Теорияның құрамдас бөліктері, қызметтері, түрлері. Гипотеза түсінігі. Гипотеза түрлері. Гипотеза құру және категориялар жүйесін жасап шығару. Гипотеза құру логикасы. Гипотезаның құрамдас бөліктері. Гипотезаны тексеру: әдістер мен мәселелер.

Әлеуметтік-саяси ойлар тарихындағы халықаралық қатынастардың түсіндірілуі. Саяси теория және халықаралық қатынастар теориясының ара-қатынасы. Халықаралық қатынастарды теориялық ұғынудың концептуалды негіздерінің қалыптасуы. Классикалық бағыт. Саяси көзқарастағы дәстүрлі бағыт. Н.Макиавелли, Т.Гоббс, Э.Деваттель, К.фон Клаузевиц саяси оқуларындағы халықаралық қатынастар мәселелері. Саяси көзқарастағы идеалистік бағыт.

Ф.де Витторий, Г. Гроций, Д. Локк, И. Кант саяси оқуларындағы халықаралық қатынастар мәселелері. Халықаралық қатынастардың негізгі категориялары ретіндегі мораль және құқық.

Тақырып 2. Реализм және неореализм.

Саяси реализм. Реализм және неореализмнің негізгі өкілдері. Халықаралық ортаның анархиялығы. Мемлекет халықаралық қатынастардың жалғыз маңызды акторы ретінде. Мемлекеттер арасындағы өзара әрекеттерінің қақтығыстығы. Ұлттық мүдделер және ұлттық қауіпсіздік рөлі. Ұлттық мүдделер рөлімен байланысты мәселелер. Мемлекет әрекеті үшін ішкі саясат пен ішкі жағдайдың маңыздылығы мәселесі.

Қауіпсіздік дилеммасы. Халықаралық қатынастардың негізгі реттеушілері ретіндегі күш және күш балансы. Мемлекеттер және олардың блоктарының сыртқы саясатының негізгі себептері: қауіпсіздік, пайда, мәртебе. Мемлекеттік қауіпсіздіктің басымдылығы. Экспансионизм және империализм идеялары. Халықаралық жүйе және оның мемлекет әрекетіндегі құрылымының анықтаушы рөлі. Халықаралық саясаттағы моральдық қағидалар мен халықаралық құқық маңыздылығының сыны.

Тақырып 3. Либерализм және неолиберализм.

Либерализм мен неолиберализмнің негізгі өкілдері. Халықаралық қатынастардағы мемлекеттің рөлі. Мемлекеттің негіз қалаушы мақсаты ретіндегі абсолютті пайданың маскимизациясы. Халықаралық аренадағы акторлар саны мен түрлерінің өсуі. Халықаралық институттар рөлі халықаралық қатынастар анархиялығының тежегіштері ретінде. Халықаралық институттардың институционалды инерциясы. Халықаралық қатынастардың фрагменттелуі.

Халықаралық режимдер ынтымақтастық және өзара байланыстылықтың тетігі ретінде. Қауіпсіздік дилеммасының экономикалық өлшемі. Әлемнің өзара тәуелділігінің өсуі. Бірлескен мүдделер және құндылықтардың халықаралық қауымдастық үшін маңыздылығы. Нарықтық механизмдер халықаралық қатынастардың реттеушілері ретінде. Экономика рөлінің жоғарылауы. Халықаралық қатынастарды реттеудегі құқық, халықаралық институттар және этикалық нормалар рөлінің жоғарылауы.

Тақырып 4. Марксизм және неомарксизм.

Әлемдік капитализм аясындағы мемлекеттің рөлі мен қызметі. Әлемдік саясаттың қозғаушы күші ретіндегі таптық күрес. Мемлекет үстем таптың мүдделерін, соның ішінде сыртқы саясат саласында, жүзеге асыру құралы ретінде. Халықаралық қатынастар түрлері.

Халықаралық қатынастарды сараптауға қатысты марксистік көзқарастың үш бағыты. Халықаралық қатынастардың тарихи материализмде қарастырылуы. Э.Бернштейн және оның халықаралық қатынастардың экономикадан әлдеқайда тәуелсіз идеясы. Н.Бухариннің әлемдік капиталистік шаруашылықтың құрылымдық моделі. В.И.Ленин және оның «Империализм капитализмнің ең жоғарғы кезеңі ретінде» атты еңбегі.

Неомарксизмнің негізгі өкілдері. Халықаралық қатынастардың анархиялығы және алып державалардың ролі. «Әлем-жүйе» түсінігі («әлем-экономика»). «Солтүстік-Оңтүстік» мәселесі. Халықаралық қатынастардың негізгі реттеушісі ретіндегі «мемлекеттер (аймақтар) - таптар» күресі. Әлемдік экономиканың анықтаушы ролі.

Тақырып 5. Халықаралық қатынастардың табиғаты мен заңдылықтары.

Халықаралық қатынастардың табиғаты. Халықаралық қатынастар табиғатын неореализм, неолиберализм, неомарксизм өкілдерінің түсіндіруі: жалпы түсініктемелер және ерекше. Халықаралық қатынастар жүйесінің түбегейлі өзгерістері. Халықаралық қатынастардың анархиялық сипаты және оларды реттеу мүмкіндігі. Халықаралық қатынастардың негізгі әрекет етуші тұлғасы ретіндегі мемлекет. Халықаралық акторлардың өзара әрекет ету тәсілі. Халықаралық қатынастардың негізгі мәселесі. Халықаралық қатынастар жүйесіндегі қатерлер мен мәселелердің әлемдік сипаты.

Халықаралық қатынастардың заңдылықтары. Халықаралық қатынастар заңдылықтарын неореализм, неолиберализм, неомарксизм өкілдерінің түсіндіруі: жалпы түсініктемелер және ерекше. Халықаралық қатынастар жүйесіндегі қауіп-қатерлердің жүйелік сипатының жоғарылауы. Халықаралық акторлар санының және көптүрлілігінің өсуі. Халықаралық қатынастардың фрагментациясы.

Тақырып 6. Халықаралық қатынастар теориясының негізгі парадигмаларын салыстыру сараптамасы.

Неореализм, неолиберализм мен неореализмнің салыстырмалы сараптамасының параметрлері мен өлшемдері: халықаралық ортаның сипаттамасы, халықаралық қатынастар акторлары, халықаралық қатынастар акторларының өзара әрекеттесу тәсілдері. Қазіргі ХҚ-дағы негізгі мәселелері, қазіргі ХҚ деңгейіндегі тенденциялар, халықаралық қатынастарды реттеу, халықаралық жүйедегі құрылымдық факторлардың ролі.

«Әлемдік саясат», «халықаралық қатынастар», «сыртқы саясат», «геосаясат», «қауіпсіздік», «қақтығыс», «дағдарыс» ұғымдарының анықтамасы мен түсініктемесіне салыстырмалы сараптама. Халықаралық қатынастардың сценарийлік-болжамдық талдауының және сараптамалық-болжамдық әдістерінің ерекшелігі.

Тақырып 7. Қазіргі кезеңдегі халықаралық қатынастар теориялары.

Институционализм. Халықаралық қатынастардағы институттардың ролі мен қызметі. Плюрализм. Транснационализм. Халықаралық қатынастардың субъектілерінің жан жақтылығы. Мемлекеттік егемендік ұғымының тұрақсыздануы. Халықаралық қатынастар жүйелерінің полиархиялық сипаттамасы. Өзара тәуелділік (режимдер теориясы). Неолибералды институционализм. Тәртіп пен ынтымақтастық табиғаты. Мемлекеттер арасындағы тәуелділіктің күшеюі. Халықаралық қатынастардың сын теориясы. Эмансипация: негізгі элементтері: автономия. Дискурсивтік этика. Постструктурализм. Модернизм. Постмодернизм. Феминизм. Француздық әлеуметтік мектеп.

Тақырып 8. Халықаралық қатынастарды зерттеудің формальды әдістері.

«Әдіснама», «әдіс», «әдістеме», «зерттеу техникасы» туралы түсініктер. Халықаралық қатынастарды зерттеудің формальды және формальды емес әдістері. Нормативті идеялогиялық және нормативті гипотизалық-шығармашылдық бағыт.

Статистикалық әдістер. Синергетика: негізгі идеялар мен мәселелер. «Мораль» туралы түсінік. Халықаралық қатынастардағы жағдайлар мен үдерістерді модельдеу. Модельдеу

кезеңдері. Мазмұнды, нысандандырылған квантификацияландырылған модельдер. Халықаралық қатынастардағы жағдайлар мен үрдістерді моделдеудің ерекшеліктері. Математикалық модельдеудің қиындығы мен артықшылығы. Факторлық сараптау. Корреляциялық сараптау.

Тақырып 9. Халықаралық қатынастарды зерттеудің бейресми әдістері.

Тарихи суреттеу және саяси суреттеу көкарастары. Операционалды-қолданбалы әдістер: жағдайды сараптау әдісі; мазмұндық сраптама әдістері (контент сараптау, ивенттік сараптау, когнитивтік әдістер); қызмет жүріс тұрысты сраптау әдісі (иметация, жағдайды сараптау, іскерлік және стратегиялық ойындар). Сараптамалық-болжамдық әдістері: алтернативистика, ретроалтернативистика, қойылымдық және эксперттік сараптау әдістері (ақыл ой шабуылы, «дельфи» тәсілі және т.б.).

Тақырып 10. Халықаралық қатынастарды зерттеудің жүйелік әдісі.

«Жүйе», «элемент», «сыртқы орта», «ішкі орта», «жүйе құрылымы», «жүйе функциясы» туралы түсініктер. Жүйелер тұрақтылығы. Ашық жүйе түсінігі. Халықаралық жүйе ретіндегі халықаралық қатынастардың ерекшеліктері: күрделілігі, көпжақтылығы, бейімденгіштігі, ашықтығы, әлеуметтік және саяси мәні.

Халықаралық жүйелерді зерттеудегі негізгі бағыттар: дәстүрлі тарихи, тарихи әлеуметтік, эвристик, аралас, құрылымдық, функционалдық. Халықаралық қатынастар типологиясы. Типологизация өлшемдері. М.Капланның типологиясы. Халықаралық жүйелердің өзгеруінің заңдылығы мен қажеттілігі. Халықаралық жүйелердің өмір сүру заңдары. Құрылымның ролі. Р.Аронның жүйелік әдісі. Құрылымдық өзгерістер. Ж.Дерриенктің құрылымдық мінездемесі. Халықаралық жүйелердің өзгеру заңдылықтары.

Тақырып 11. Халықаралық қатынастардағы сараптаудың деңгейлері және халықаралық қатынастардың ортасы.

Халықаралық қатынастар теориясындағы «сараптау деңгей мәселесінің» генезисі. «Сараптау деңгейлері» туралы түсінік. Сараптау деңгейінің кеңістік түсінігі. Эпистемиологиялық деңгей. Сараптау деңгейін анықтаудың өлшемдері.

Халықаралық үрдістерді сраптаудың үш деңгейлік тұжырымдамасын дамытудағы М.Капаланның, К.Уолцтың, Дж.Сингердің қосқан үлестері. Жеке тұлға, элемент және жүйе халықаралық қатынастардың сараптау деңгейі ретінде. Сараптау деңгейлерін қолдануға байланысты пікірталас. Құрылым және элементтің өзара ара-қатынасы.

«Халықаралық қатынастар ортасы» туралы түсінік. Ішкі және сыртқы орта. Халықаралық қатынастардағы әлеуметтік және одан тыс орта. Халықаралық қатынастардағы құрылымдық өзгерістер. Ортаның өзгеруі. Халықаралық қатынастардағы сыртқы ортаның факторлары, элементтері, құрылымы. Ғаламдық халықаралық қатынастардағы сыртқы орта мәселесі. Геосаяси фактор. «Геосаясат» туралы түсінік. Географиялық ортаның ролі. Экологиялық фактор. Геосаясаттың негізгі концепциялары. Геосаясат әдісінің шектеулілігі.

Тақырып 12. Халықаралық қатынастар жүйесінің акторлары.

«Халықаралық қатынастардың акторлары» туралы түсінік. Акторлар санының өсуінің ерекшеліктері. Акторлар типологиясы. Мемлекет халықаралық қатынастардың негізгі акторы ретінде. Халықаралық қатынастар жүйесіндегі мемлекеттің қызметі және эволюциясы. Халықаралық қатынастар акторлары ретіндегі мемлекеттердің теңсіздігі. Мемлекеттерді стратификациялаудың түрлері мен негізгі өлшемдері. «Ұлы держава», «Алпауыт мемлекет», «Орташа держава», «Кіші мемлекет», «Микромемлекет» туралы түсініктер. Халықаралық қатынастардағы дәстүрлі емес акторлар және олардың түрлері. Халықаралық ұйымдар және олардың типологиясы. Трансұлттық корпорациялар. Халықаралық акторлардың басқа да түрлері.

Халықаралық қатынастар субъектілерінің мақсаты, мүдделері және құралдары. Ұлттық-мемлекеттік мүдде және оның үш элементі: әскери қауіпсіздік, мемлекеттік егемендік, экономикалық өркендеу. Халықаралық қатынастар субъектілерінің мүдделерін іске асыру проблемасы. Мақсатқа жету үшін «құралдар» ұғымы. Құралдарды бөлудің түрлері мен өлшемдері. Стратегия типологиясы.

Тақырып 13. Сыртқы саясатты сараптау»: зерттеудің негізгі бағыттары.

«Сыртқа саясат» түсінігі. Сыртқы саясатты түсіну деңгейі: сыртқы саясат құбылыс ретінде; мемлекеттің нақты сыртқы саясаты; мемлекеттің қалыптасуындағы сыртқы саясаты рөлі. «Сыртқы саяси үдеріс» түсінігі. Мемлекет тәлімі. Сыртқы саяси орта. Сыртқы саясаттың объектісі. Сыртқы саясаттың функциясы. Түрлі мемлекеттермен жүзеге асырылатын сыртқы саясаттарға салыстырмалы сараптама. Сыртқы саясаттың әлеуметтік-мәдени ерекшеліктері.

Сыртқы саясатты сараптаудың негізгі түсінігі. Сыртқы саясатты сараптаудағы объект. Сыртқы саясат және саяси реализмге салыстырмалы сараптама. Сыртқы саясат пен халықаралық қатынастар теориясына салыстырмалы сараптама. Сыртқы саясатты сараптаудағы мақсат. Сыртқы ортамен қарым қатынаста болатын себептер, қозғаушы күштер. Сыртқы саясатты сараптаудағы бағыттар: сыртқы саясатты салыстырмалы зерттеу, сыртқы саясатқа құрылымдық сараптау, сыртқы саясатқа психологиялық сараптау. Сыртқы саясаттағы салыстырмалы сараптау объектілері: тұлға, топ, ұйымдық құрылым, макроәлеуметтік деңгей.

Тақырып 14. Халықаралық үдерістер.

«Халықаралық үрдіс» туралы түсінік. Күрес, ынтымақтастық және келіссөздер саясаттың негізгі формасы ретінде. Қазіргі әлемдегі саясаттың формаларының ара-қатынасы.

Халықаралық қақтығыстар және олардың ХХІ ғасырдағы ерекшеліктері. Қақтығыстардың халықаралықтан аймақтық деңгейге түсуі. Қақтығысты бақылау деңгейінің төмендеуі. Ішкі және халықаралық шекаралардың жойылуы. Қақтығысты анықтау. Қақтығыс себептері: бәсекелестік, мақсат, істерінің ортақ болмауы. Қақтығыс типологиясы. Қақтығыс кезеңдері мен фазалары. Қақтығыстық қатынастардың күшейуі. Қақтығысты реттеу тетіктері.

Халықаралық ынтымақтастық және интеграция үрдісі. Ынтымақтастық пен интеграцияның негізгі түрлері. Интеграциялық үрдістердің теориялық негіздері: функционализм, жаңа функционализм, федерализм. Ынтымақтастық пен интеграцияның аймақтық ерекшеліктері. Халықаралық келіссөздер. Халықаралық келіссөздердің функциялары. Халықаралық келіссөздерді талдаудың үлгілері мен тәсілдері. Көпжақты келіссөздердің саны мен маңыздылығының артуы.

Тақырып 15. Халықаралық әлемдік тәртіп.

«Әлемдік тәртіп» туралы түсінік. Халықаралық қатынастар жүйесіндегі типология мәселесі. Халықаралық тәртіптің негізгі өлшемдері: халықаралық қатынастар акторларының өзара байланысы, күшті және әлсіз акторлар ара қатынасы, функционалдық өлшем. Халықаралық жүйелердің тарихи түрлері. Халықаралық қатынастар жүйелерін сараптаудағы әдістемелік мәселелер.

Тарихи тұрғыдан халықаралық жүйелердің эволюциясы. Қазіргі әлемдік тәртіп. Халықаралық қатынастардың жаңа жүйесінің қалыптасуы. Жаңа дүниежүзілік тәртіптің негізгі сипаттамалары. Қазіргі халықаралық қатынастардың саяси-құқықтық режимі. Әлемдік проблемалар, олардың пайда болу себептері және халықаралық қатынастарға әсері. Қоршаған орта, табиғат және адам ресурстарының проблемасы. Жаңа міндеттер: қылмыстың трансұлттықпнуы, халықаралық терроризм, есірткі саудасы, азаматтардың жеке құқықтарын бұзатын қылмыстар. Халықаралық ұйымдар қазіргі заманғы халықаралық қатынастарды реттеу тетіктері ретінде.

«Жаһандану үдерісі және халықаралық қатынастар» пәні

Тақырып 1. Жаһандану үдерісін зерттеудің теориялық-әдістемелік негізі.

Жаһандану үдерісінің эмпирикалық сипаты. Жаһандануды теориялық тұрғыдан түсіну проблемасы. Жаһанданудың мәнін сипаттайтын әр түрлі тәсілдер. «Жаһандану», «мондиализация», постиндустриалды дәуір, постмодернизм ұғымдарының ара-қатынасы. Жаһандануды зерттеудің әдіснамалық тәсілдері, олардың теориялық әлеуеті мен болжамдық мүмкіндіктері.

Жаһандануды талдаудың үш тәсілі: экономика тұрғысынан, саясат тұрғысынан, география тұрғысынан. Жаһандану жаһандық экономикалық өрлеу дәуірі ретінде. Экономикалық өсу прогрестің қозғалтқышы ретінде. XX ғасырдың соңғы үштігінде технологиялық инновацияларды енгізу үдерісі. Ғаламдану үдерісіндегі ғылыми-техникалық прогрестің рөлі.

Дәстүрлі саяси кеңістіктің жойылуының жаңа жағдайындағы халықаралық қатынастар. Жаһанданудың жойқын үдерістері. С.Хантингтонның теориялық тұжырымдамалары. Әлемде шиеленісіп жатқан қақтығыс жағдайындағы жаһандану.

Тақырып 2. Жаһанданудың басты ерекшеліктері.

Жаһанданудың жалпы сипаттамасы. Жаһанданудың басты бағыттары мен негіздері. Жаһандану тарихи үдеріс ретінде және оның даму кезеңдері. Жаһанданудың дамуының динамикасы. Жаһанданудың түрлері және субъектілері. Экономикалық жаһандану. Трансшекаралық экономикалық байланыстардың өсуі. Мәдениеттің жаһандануы. Саясаттың жаһандануы.

Ақпараттық-коммуникациялық жаһандану. Аумақтық жаһандану - мемлекеттік және мемлекет үсті ұйымдардың іріленуі. Этникалық жаһандану. Жергілікті қауымдастықтардың жаһандық коммуникация қауымдастығына интеграциялануы. Экологияның жаһандануы. Ғаламдақ қару түрлері. Адамдардың өмірін анықтайтын нормаларды әмбебаптандыру.

Жаһандану аспектілері. Жаһанданудың төрт ағымы: адамдар, тауарлар және қызметтер, ақша, ақпарат және коммуникация. Жаһанданудың қарама-қайшылық сипаты. Жаһанданудың кері, деструктивті аспектілері. Жаһанданудың неолеберальді үлгісі.

Тақырып 3. Әлемнің қазіргі кездегі даму үлгісі және жаһандану үрдісі

Қоғам құрылымын еркін таңдау қағидаты, әлемнің өзара байланысты және өзара тәуелді шартындағы үлгіні енгізу және халықаралық аренадағы өз бағыты. Дамудың ажырамас бөлігі - индустриализация. Қазіргі кезеңдегі оны жүзеге асыру әдістері мен тәсілдері.

Модернизация теориясының дамуының негізгі кезеңдері, оның типологиялық мәселелері. «Тұрақты даму», «саяси даму» тұжырымдамасы. Саяси әлсіз даму. Қоғамның даму кезеңдері және оларға сәйкес келетін саяси институттардың түрлері. Елдер арасындағы теңсіздіктің артуы. Даму жолын таңдаудың негізгі құндылықтары мен өлшемдері: экономикалық, әлеуметтік, саяси, мәдени, адамгершілік. Даму жолын нақты таңдаудың артықшылықтары мен кемшіліктері: қытай, жапон, түрік, иран, ливия; жаңа индустриалды елдердің тәжірибесі. Адами дамуды қорғау мәселелерін шешу және халықаралық ынтымақтастық. Халықаралық азаматтық қоғам және қозғалыстар.

Тақырып 4. Интернационализация және экономиканың жаһандануы.

Әлемдік экономикалық қатынастардың жаһандануы. Аймақтық және халықаралық экономикалық қатынастарды ұлғайту және сауда шектеулері мәселесі. Экономика мен саясаттың либерализациясы. Техникалық прогресс және жаһандану.

Әлемдік экономикадағы интеграциялық үдерістер. Интеграцияға ұшыраған ірі экономикалық блоктардың қызметтері. Экономикалық ұйымдар және келісімдер. Қаржылық нарықтың интернационализациялануы. Халықаралық инвестициялық ынтымақтастық. Қаржы нарықтары мен сауданы көпжақты реттеу. ДСҰ-ның реттеу тетіктері.

Әлемдік экономиканы трансұлттандыру мәселесі. Әлемдік экономикадағы жаңа ойыншылар. Сыртқы саяси ойлаудағы экономикалық компонентті күшейту. Қаржылық жаһандану. ХВҚ және Дүниежүзілік банк тобы. Қаржы нарықтарының жаһандануы. Қаржылық тұрақсыздық. Бәсекелестік және жаһанданудың әсері. Инновация және жаһандану. Әлемдік экономиканың жаһандық дамуының рөлі және ТҰК қызметі. ТҰК әлемдік экономиканың жаһандану үдерісінің жаңа формасы ретінде.

Тақырып 5. Тәуелсіздік мәселесі және жаһандану шартындағы ұлттық ұқсастық.

«Ұлттық», «мемлекеттік» түсініктерінің ара-қатынасы. «Ұлттық стратегия», «ұлттық еркіндік», «ұлттық мүде», «ұлттық талаптар» түсініктеріне анықтама. Жаһандану мен ұлттық мүдделер, мемлекеттер егемендігі арасындағы өзара қатынасы. Мемлекеттердің жергілікті, ұлттық, аймақтық, халықаралық мүдделері.

Әскери күш ұлттық стратегия мен ерік қалыптастырудағы әмбебап доминант ретінде. Ұлттық стратегия мен ерік-жігердің сақталуын және жұмыс істеуін қамтамасыз ету, жүйенің қуатын кеңейту және нығайту. Жаһандану жағдайында мемлекеттің рөлі мен функцияларын өзгерту. Мемлекетаралық шекаралардың айқындығы және трансшекаралық өзара іс-қимыл. Жаһандануды ұлттық деңгейде және тиімді саяси-құқықтық институттарда басқару. Ұлттық мемлекеттердің егемендігін шектеу мәселелері. Халықаралық құқықтың ұлттықтан басымдығы. Мемлекеттің қоғамдық саладағы рөлін кеңейту.

Тақырып 6. Жаһандану және әлемдік әлеуметтік даму.

Қазіргі әлемдік саясаттағы «социум» түсінігі. Қазіргі әлеуметтік топтар мен кіші топтардың сипаты мен пішіні. Мемлекеттің әлеуметтік қызметі. Әлемдегі ғаламдық процестердің қалыптасуы мен жүзеге асырылуына әлеуметтік-экономикалық дамудың әсері. Халықаралық қатынастар жүйесіндегі әлеуметтік әділеттілік.

Адамзаттың қазіргі кезеңдегі дамуы және жаһандану. Жаһандану және БҰҰДБ-ның Адам дамуының тұжырымдамасы. Жаһанданудың әлеуметтік өлшемдері бойынша ХЕҰ Дүниежүзілік комиссиясы және оның қызметі. Интеллектуалды әлеуметті дамыту қоғамның негізгі ресурсы ретінде. Демографиялық көрсеткіштің әлеуметтік өлшемге қатысуы. Ұлттық және мәдени ерекшеліктер. Кедейлік және жаһандану. Мәдени кеңістік және әлеуметтік салалардың параметрлері. Жұмыссыздық және жаһандану. Маргинализацияның жоғарылауы. Әлеуметтік шиеленістің күшеюі. Жаһандануға қарсы қозғалыстар. Көші-қон мәселесі және жаһандану. Білім беру жүйесі және жаһандану. Денсаулық сақтау және халықтың поляризациясы. Жаһандану және әлеуметтік әділеттілік. Гендерлік теңсіздік.

Тақырып 7. Экономикалық және саяси интеграцияның халықаралық тәжірибесі.

Жаһандану және интеграция. Экономиканы аймақтандыру. Дәстүрлі және жаңа интеграция тұжырымдамалары. Аймақтық интеграция және ынтымақтастық. Жаһандану жағдайындағы мемлекетаралық және ұлтүстілік институттардың өзара әрекеті. ХВҚ, Дүниежүзілік банк және ДСҰ қызметі.

Жаһанданудың аймақтық интеграциялық бірлестіктердің қалыптасуына әсері. Қазіргі интеграциялық үдерістердің модельдері. Еуропалық интеграция интеграциялық процестердің сәтті моделі ретінде. Қазіргі кезеңдегі Батыс жарты шардағы интеграциялық процестер. Солтүстік Американың экономикалық интеграция моделі. Латын Америкасындағы интеграциялық процестердің формалары мен түрлері.

Азия-Тынық мұхиты аймақтық интеграциясы. АТЖ-де интеграциялық процестердің факторлары, принциптері және ерекшеліктері. АСЕАН. АТЭС. Еуразиялық кеңістіктегі факторлар мен принциптер және интеграциялық процестер. ТМД елдерінің ынтымақтастығы. Еуразияшылдық идеясының эволюциясы және ЕурАзЭҚ құру процесі. Қазақстанның интеграциялық процестер саласындағы тұжырымдамалық тәсілдері. ЕАЭО-ның құрылуы. Интеграция мен дезинтеграциялық үдерістердің арақатынасы.

Тақырып 8. Экологиялық проблемалардың жаһандануы.

«Экологиялық қауіпсіздік» түсінігі. Планеталық экологиялық дағдарыс қаупінің шындығы. Әлемдік экологиялық өзгерістердің себептері. Қоршаған ортаның деградациясы. Табиғи ресурстардың сарқылуы және су ресурстарының сапасының нашарлауы. Биоалуантүрлілікті азайту. Жаһандық климаттың өзгеру мәселелері. Планета тұрғындарының тез өсуінің экологиялық салдары. Энергетикалық және азық-түлік жағдайының нашарлауы. Ядролық жарылыстардың салдары. Белгілі бір аймақтарда экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуы.

Барлық елдерде экологиялық саясатты қалыптастыру және жүзеге асыру. БҰҰ-ның қоршаған ортаны қорғау проблемаларына арналған арнайы конференциялары мен форумдары. Орталық Азия елдерінің экологиялық проблемалары. Болашақ ұрпақтың тұрақты дамуы және экологиялық тұрақтылық.

Тақырып 9. Мәдениеттің жаһандануы.

Ғаламдық мәдениеттің заманауи тұжырымдамасы мен мәселелері. Әлемдік мәдениет пен жаһандану үдерістеріне әсер ету салалары. Адамның және қоғамның қазіргі өміріндегі мәдениеттің мәні мен орны. Жаһандық және ақпараттық кеңістікте бұқаралық мәдениеттің таралуы: оң және теріс тенденциялар. Мәдени бірегейлікті жоғалту қаупі.

Жаһандану жаһандық көпмәдениетті қоғамның дәуірі ретінде. Білім кез-келген ұлттың басты басымдығы ретінде. Қазіргі халықаралық қатынастар жүйесіндегі мәдениеттің әсері. Ғылыми және мәдени құндылықтармен алмасудағы халықаралық ынтымақтастықтың қағидаттары мен формалары. Мәдениет саласындағы әмбебап халықаралық және аймақтық ұйымдардың қызметі. ЮНЕСКО.

Тақырып 10. Жаһандану жағдайындағы ақпараттық кеңестіктің қалыптасуы.

Жаһандану жағдайындағы ақпараттық қоғамның түсінігі мен мәні. Саяси нарықтың факторлары мен шарттары және ақпараттық кеңестіктің дамуы. Жаһандық үдеріс шеңберінде бұқаралық ақпарат құралдарының дамуы. Ақпарат ағынмен қамтамасыз етудегі бәсекелестік және ынтымақтастық. Дүниежүзілік телекоммуникация индустриясы. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды дамыту және модернизация. Жаңа техникалық өлшем және жаһандық даму үдерісі. Әлемдік медиа құрылымдардың маңызы. Ақпарат ағындарының трансшекаралық қозғалысының рөлі.

Ақпараттық саясат шеңберіндегі мемлекетаралық келісімдер мен келісімдер. Ақпаратты берудің жаңа технологиялары. Дүниежүзілік Интернет (Интернет). Дүниежүзілік желідегі ақпаратты басқару және қауіпсіздік проблемасы. Қазақстанның ғаламдық ақпараттық кеңістігінің қалыптасу болашағы.

Тақырып 11. Әлемдік саясаттың факторлары және қазіргі әлем тәртібі.

Қазіргі саяси үдерістер және жаһандану. Әлемдік саясаттың жаһандануы. Қазіргі халықаралық саяси жүйенің заңдылықтары мен даму кезеңдері. Саясаттың жаһандануы және ұлттық мемлекеттердің халықаралық қатынастардағы орны мен рөлінің өзгеруі. Ішкі және сыртқы саясаттың өзара ену үдерісі. Ұлттық және мемлекеттік мүдделер және мемлекеттің сыртқы саясаты. Әлемдік мүдделердің пайда болуы және таралуы.

Біздің заманымыздың негізгі жаһандық проблемалары, олардың мәні мен шешімдері. Жаһандану үдерістерінің біркелкі еместігі. Солтүстік-Оңтүстік қатынастарының мәселелері. Қазіргі заманғы халықаралық қатынастардың әртүрлілігі. Әлемдік проблемалар, олардың пайда болу себептері және халықаралық қатынастарға әсері. Жаһандық теңсіздіктің өсуі. Халықаралық бейбітшілікке төнетін қауіптің мазмұнын өзгерту және қауіпсіздік тұжырымдамасын кеңейту. Халықаралық қатынастар құрамы мен әртүрліліктің өсуі.

Тақырып 12. Жаһандану жағдайындағы халықаралық қатынастар эволюциясы мәселелері.

Жаһандану және халықаралық қатынастардың одан әрі эволюциясы. Жаһандану және әлемдік саясаттың жаңа сын-қатерлері. Әлемдік тәртіпті қалыптастыру үдерісі. Жаһандану жағдайындағы әлемдік тәртіп пен халықаралық қатынастарды талқылау. Жаһандану жағдайында әлемдік тәртіптің үлгісін жасау. Қазіргі әлемдік тәртіптің тұжырымдамалары.

Халықаралық қатынастардың жаңа жүйесінің қалыптасуы. Жаңа дүниежүзілік тәртіптің негізгі сипаттамалары. Халықаралық қатынастар ортасын өзгерту. Әлемдік жүйенің «полярьлығы» туралы мәселе. «Монополярьлық» және «көпполярьлық»: шығу тегі, бағалары, қазіргі заманғы анықтамасы. Халықаралық қатынастар жүйесінің көпполярьлы құрылымын теориялық талдау. Әр түрлі өлшемдеріндегі көпполярьлық. Қазіргі халықаралық қатынастардың саяси-құқықтық режимі. Жаһандану және халықаралық ынтымақтастық қағидаттарын нығайту. Жаһандану жағдайында халықаралық құқық нормаларын нығайту міндеті.

Тақырып 13. Жаһандану жағдайындағы БҰҰ-ның рөлі.

Халықаралық ұйымдардың жұмыс істеу проблемасы. БҰҰ халықаралық қатынастар жүйесін реттеудің бірегей тетігі ретінде. БҰҰ модернизациясы ХХІ ғасырдың басында жаңа жаһандық шындыққа шақыру ретінде. БҰҰ-ны реформалау мәселелері. БҰҰ және әлемдік мәселелерді жан-жақты «ғаламдық» талдау. Біздің заманымыздың бірқатар өзекті мәселелері бойынша БҰҰ қамқорлығымен жаһандық көпжақты форумдар өткізу. БҰҰ және «Бейбітшілік күн тәртібі», «Даму күн тәртібі» және «ХХІ ғасыр Күн тәртібі» іс-қимылының іргелі бағдарламаларын әзірлеу.

БҰҰ-ның әлеуметтік саладағы қызметі. БҰҰДБ қызметінің негіздері. БҰҰ және әйелдер мен балалардың жағдайын жақсартуға баса назар аударатын адам құқықтарын жан-жақты қорғау. БҰҰ және аса қауіпті жұқпалы ауруларды жою. БҰҰ және сауатсыздықты жою, адамзаттың мәдени мұрасын сақтау. БҰҰ-ның халықаралық терроризмге және есірткі саудасына қарсы күрестегі рөлі. БҰҰ-ның қарусыздану және халықаралық қауіпсіздік саласындағы қызметі. БҰҰ-ның бітімгершілік әрекетінің негізгі принциптері мен формалары. Бейбітшілікті сақтаудың жаңа тенденциялары. Қазақстанның БҰҰ-ның қарусыздану саласындағы қызметіне қатысуы.

Тақырып 14. Жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері.

Әлемдік қауіпсіздіктің туындайтын мәселелері. Қауіпсіздік жүйесінің эволюциясы. Бөлінбейтін халықаралық қауіпсіздік. Дәстүрлі және жаңа қауіпсіздік парадигмалары. Қауіпсіздік қатерлерінің өлшемдері мен сипатын өзгерту. Экономикалық даму және ұлттық қауіпсіздік мәселелері. Қаржылық қауіпсіздік. Азық-түлік қауіпсіздігі. Инвестициялық қауіпсіздік. Әлеуметтік қауіпсіздікті қамтамасыз ету проблемасы. Экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасы. Энергетикалық қауіпсіздік және халықаралық ынтымақтастық. Халықаралық терроризм. Діни экстремизм. Сепаратизм. Есірткі саудасы. Трансұлттық ұйымдасқан қылмыс. Заңсыз көші-қон.

Жаһандық қауіпсіздік саясатының әскери-саяси аспектісі. Қазіргі әлемдегі қауіпсіздік пен қару-жарақты бақылау проблемасы. Қазіргі әлемдегі қақтығыстар. Жанжалдар сипатындағы өзгерістер. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету проблемаларының кешеніне жаңа көзқарас. Посткеңестік кеңістіктегі қауіпсіздік мәселелері.

Тақырып 15. Жаһандану жағдайындағы қазіргі әлемнің даму тенденциялары.

Әлемнің әлеуметтік-экономикалық дамуының заманауи үлгілері мен формалары. Экономика және әлемдік сауда қазіргі жаһандық үдерістің негізгі факторлары ретінде. Трансұлттық және корпоративті компаниялар. Құқықтық және саяси кеңістікті қамтамасыз ету. Жаһандану жағдайындағы жаңа экономикалық теорияның қалыптасуы мен эволюциясы. Әлеуметтік және мәдени аспект. Демография және экология мәселелері. Әлемдік саясаттағы құқық және мораль. Жаһандану және қоғамдық пікір.

Кеңістік теориясы және жаңа геосаясат. Интеграция және дезинтеграция. Көзқарастар

қақтығысы. Әлемдік құндылықтардың өзгеруі және қалыптасуы. Жаңа халықаралық қатынастардың ғаламдық өлшемі. Жаһандану және жаңа әлем тәртібі. Халықаралық қатынастардың қазіргі жүйесі.

«Мегатрендтер және әлемдік саясаттың ғаламдық мәселелері» пәні

Тақырып 1. Әлемдік саясаттың ғаламдық мәселелері.

Саяси дамудағы тенденция мен құқықтың арақатынасы. Дивергенция, конвергенция, интеграция, дезинтеграция, параллелизм өзара байланысты даму жолдары ретінде.

Демократияландыру қазіргі әлемдік саяси үдерістің маңызды факторы ретінде. Байланыс, ақпарат және көлік құралдарының дамуының қазіргі саяси үдерістерге әсері. Ынтымақтастық пен ынтымақтастыққа негізделген жүйелерді құру. Әр түрлі мәдениеттердің, діндердің, сенімдердің, өмір салттарының үйлесімді өмір сүру мәселелері. Әлемдік интеграцияның тежеу факторлары. Плюрализм қоғамның халықаралық ұйымының маңызды белгілерінің бірі ретінде. Экономикалық қорғаудың және артықшылықтарды қайта бөлудің саяси мәселелері. Саяси үдерістердегі экономикалық трансұлттық.

Тақырып 2. Әлемдік саяси үдерістегі өзара әрекеттестік, тәуелділік, өзара тәуелділік.

Ұғымдардың анықтамасы. Өзара әрекеттесуде геосаяси факторлардың рөлі. Тәуелділік түрлерінің өзгеруі. Объективті факторлар және оларды субъективті бағалау мүмкіндігі. Өзара тәуелділіктің интеграциямен, интернационализммен, экономикалық ұлтшылдықпен және ұлттық даму стратегиясымен байланысы. Үлкен және кіші елдердің проблемалары. Объективті және субъективті өзара тәуелділік. Ұжымдық өзара тәуелділік шарттары.

Гегемония жағдайында және онсыз ынтымақтастық. Ішкі және сыртқы факторлар; оларды анықтауда қысым топтарының рөлі. Ынтымақтастық пен зорлық-зомбылықты таңдау проблемалары. Бейбітшілік және соғыстың болашағы. Өзара тәуелді әлемдегі режимдердің әрекеті. Ынтымақтастық орнатудағы халықаралық режимдердің рөлі. Тәуелділіктің дүниежүзілік жүйелік үдерісінің пайда болуы.

Тақырып 3. Әлемдік экономика мен халықаралық саясаттың өзара әрекеттесуіндегі мегатрендтер.

Билік пен байлықты мемлекеттер арасында бөлуде нарықтың рөлі және экономикалық факторлар. Әлемдік экономикалық тәртіп және оның халықаралық қатынастар жүйесіне әсері. Халықаралық еңбек бөлінісі және әлемдік экономикалық және саяси тәртіп. Орталықта және периферияда экономикалық ұлтшылдықты күшейту.

